



## IV ОБЛЫСТЫҚ ПІҚІРСАЙЫС ТУРНИРИ



22.10.2017 ж. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытында «Bolas`aqqa bag`dar: ru`hani`jan`g`ygy`» тақырыбындағы IV дәстүрлі «Жамбыл медициналық колледжі директорының кубогы» үшін облыстық пікірсайыс турнирі өткізілді. Ұйымдастырушылар: «Жас Алаш» пікірсайыс клубының жетекшісі Айдабосынова Ж.Н., жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Уркимбаева Д.Б., студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы: Қырықбаева Б.А.

## ТАЗАЛЫҚ-САУЛЫҚ НЕГІЗІ



Қаламызды тазарту, аббатандыру және көріктендіру екі айлығы жалғасуда:



## СТАРОСТАТ ЖИНАЛЫСЫ

Жамбыл медициналық колледжінің оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Қ.Т.Андакулова 3-4 курс топтарының қатысуымен Старостат өткізді. Жиналыста старосталарға клиникаға дейінгі және клиникалық тәжірибе, өндірістік тәжірибенің өтуі жөнінде нұсқаулар берілді. Тәжірибе сабақтарды есепке алу журналын күту және тасымалдау туралы, клиникалық базаларда өзін-өзі ұстау ережелері, студенттердің сырт бейнесі, тәртібі мәселелері талқыланды.



## «ЖАЙДАРМАН» ОЙЫНЫ



29.09.2017 ж. Облыстық «Жайдарман» ойынында колледждің «Мед Жастары» командасы қатысып, келесі ойынға жолдама алды.

## АКЦИЯ

17.10.2017 ж. Жамбыл медициналық колледжінде «Мен-латын әліпбиіне көшуді қолдаймын» атты акция өткізілді.



## ФЛЕШ-МОБ



17.10.2017 ж. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласын жастар арасында насихаттау мақсатында флеш-моб өткізілді.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕРЕЙІМ

12.10.2017 жылы «Ақментай» қоғамдық бірлестігі облыс әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының әлеуметтік тапсырысымен, «Жамбыл облысының Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру мақсатында «Мемлекеттік тіл – мерейім!» атты акциясына 101 топ студенттері қатысты.

## АККРЕДИТАЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ

09.10.2017 жылы колледж әкімшілік мүшелері мен Білім беру сапасын қамсыздандыру тәуелсіз қазақстандық агентінің бас координаторы, п.ғ.к. Ж.А. Раимбекова басшылығымен аккредитацияны ұйымдастыру және өткізу әдістері туралы семинар өтті.



## ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ҚОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Жамбыл медициналық колледжінің Б ғимаратында онлайн режимінде Қазақстан Республикасы Ақмола облысы колледждері мен медициналық колледждер студенттерінің арасында «Мейірбандылық және ержүректілік: мәңгілік категориялар» атты. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Республикамыздың медициналық колледждері атынан конференцияға қатысушылар «Мейірбандылық және ержүректілік» тақырыбы аясында мейірбике ісінің даму тарихы, танымал мейірбикелер, мейірбике мамандығының бүгінгі күнгі жетістіктері сияқты маңызды баяндамаларды оқылды



## «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» МАҚАЛАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯСЫ

16.10.2017 жылы Жамбыл медициналық колледжінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізгі идеясын талқылауына байланысты жиналыс өтті. №1 Әлеуметтік-экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК төрайымы Г.Н. Жантохова жиналысты ашып, Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласымен таныстырды. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын колледж оқытушылары мен студенттері арасында насихаттауды жалғастыру болып табылады. Жауапты: №1 Әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдқ әдістемелік комиссия оқытушылары.



## ҒАЙНИДЫҢ АЙНАСЫ

17.10.2017ж. Колледжіміздің 1980 жылғы түлегі, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан-Тараз телеарнасының редакторы, ақын, поэзия патшайымы Ғайни Әлімбекова қонаққа келіп, «Ғайнидың айнасы» атты бағдарлама түсіру мақсатында өзінің ұшқан ұясы Жамбыл медициналық колледжінің студенттерімен кездесіп, сұрақтарына жауап беріп, «Жыр Айна» кітабын сыйға тартты.

Аккредитацияны ұйымдастыру және өткізу әдістері

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізгі идеясы

Ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Ғайнидың айнасы

Дуалды оқыту жүйесі

Құттықтаймыз!

Күзгі кросс

Шебер-класс

On-line режиміндегі жиналыс

Құқық бұзушылықтың алдын алу

Кәсіпорын базаларына саяхат

«Гериатриядағы мейіргерлік іс» тақырыбында вебинар

IV облыстық пікірсайыс турнирі

Тазалық-саулық негізі

Старостат жиналысы

«Жайдарман» ойыны

Акция

Флеш-моб

Мемлекеттік тіл – мерейім



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



## ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Жамбыл медициналық колледжі директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Қ.Т.Андакулова дуалды оқыту жүйесі бойынша дайындалып жатқан 209 топ студенттерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында 209 топ студенттеріне дуалды оқыту жүйесінің ерекшеліктері мен дәстүрлі оқытудан артықшылықтары талқылады. Қ.Т.Андакулова студенттерге №1 Қалалық балалар ауруханасы базасында 4 оқу-клиникалық кабинет ашылғанын хабарлады. Клиникалық база тарапынан және колледж тарапынан бекітілген жетекшілер таныстырылды. Сонымен қатар, студенттерге клиникаға дейінгі және клиникалық тәжірибе, өндірістік тәжірибенің өтуі жөнінде нұсқаулар берілді. Клиникалық базаларда студенттердің өзін-өзі ұстау ережелері мен техникалық және еңбек қауіпсіздігі нұсқаулары айтылып, студенттердің сырт бейнесі, тәртібі мәселелері талқыланды.



## КҮЗГІ КРОСС



14.10.2017 жылы Жамбыл медициналық колледжінің №4 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндер ЦӘК мүшелері және білімгерлер кәсіподақ ұйымы І - курс студенттері арасында «Жастар» стадионында «Күзгі кросс» жеңіл атлетикалық жүгірісінен жарыс өткізді. Жарыстың мақсаты: еліміздің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту. Табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлықты – денсаулықты сақтаудың басты жолдары – зиянды және жат қылықтардан аулақ болып, салауатты өмір сүру керек екендігін ұғындыру;

Жарыстың қорытындысы бойынша ұлдар арасында:  
1 орын – Т.Нұрзат, 110 топ студенті  
2 орын – Ү.Әсет, 108 топ студенті,  
3 орын – Ә.Саят, 113 топ студенті,  
4 орын – Қ. Бексұлтан, 109 топ студенті иеленді.  
Қыздар арасында:  
1 орын – Ү.Айдана, 109 топ студенті  
2 орын – А.Ырысжан, 110 топ студенті,  
3 орын – И.Айтолқын, 111 топ студенті,  
4 орын – Қ.Рауан, 110 топ студенті иеленді

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!



14.09.2017 жылы Жамбыл облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымдастырған мемлекеттік тілде эссе жазу байқауы өтті. Байқауда І курс студенті Гафурова Р. және ІІІ курс студенті Бешлиоглы С. ІІ-ші дәрежелі диплом, І курс студенттері Хасанханова Д. мен Машурина С. алғыс хатпен марапатталды. Жетекшілері: №2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері оқытушылары Мадимарова А.Т., Жунисова Д.М.



05.10.2017 жылы Тараз қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Тіл-парасат» байқауы (өзге ұлт өкілдері арасында) ІІІ курс студенті Равилова Т. ІІ-ші орынды иеленіп, 19.10.2017 жылы Жамбыл облысының тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Тіл-парасат» байқауында І орын алды. Жетекшілері: №2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері оқытушылары Мадимарова А.Т., Жунисова Д.М.

## ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

11.10.2017 жылы Тараз қаласы ІІБ 1-5 ТБ тергеушісі, полиция аға лейтенанты Б.Омаров және ІІБ 1-5 ТБ тергеушісі, полиция лейтенанты Н.Мырзай Жамбыл медициналық колледжінің Б ғимаратында тәжірибелік сабақтары бар топ студенттерімен профилактикалық сұхбат жүргізді. Сұхбат барысында студенттердің тәртібі, зиянды әдеттерден аулақ болуы, кешкілік уақытта көше кезбеу, агрессиядан аулақ болу, төбелеспелу сияқты тақырыптар талқыланды.



31.10.2017 жылы «Қоғамдық орындарда, көліктерде қалта ұрлығынан сақтан!» тақырыбында ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усенов пен Тараз қалалық ІІБ ЖПҚ ЮПБ аймақтық инспектор, полиция аға лейтенанты С.А. Холашов колледж студенттерімен кездесіп, дәріс оқыды.



## ОН-LINE РЕЖИМІНДЕГІ ЖИНАЛЫС



2017 жылдың 17 қазанында «Қазақстанның медициналық колледждерінің одағы» ЗТБ Басқармасы ұйымдастыруымен on-line режимінде Одақ мүшелерінің жалпы жиналысы өткізілді. Жиналыста Қазақстанның медициналық колледждерінің одағы» ЗТБ Стратегиялық жоспар жобасы талқыланып, бекітілді. Конференцияға клиникалық пәндер оқытушылары қатысты.

## ШЕБЕР-КЛАСС

Аймақтық симуляциялық орталықтың тренер-оқытушылары колледжіміздің оқу-симуляциялық орталығының клиникалық станцияларында «Емдеу ісі» мамандығы 4 курс студенттерінің тәжірибелік дағдыларын қабылдауға белгіленген клиникалық пәндер оқытушыларына арнап «Шұғыл жағдайларда жедел көмек көрсету» тақырыбында шебер-класс өткізді. Іс-шараға 16 оқытушы қатысты.



## КӘСІПОРЫН БАЗАЛАРЫНА САЯХАТ

КМҚК "Жамбыл медициналық колледж" 1-2 курс студенттері «Біздің аймақтағы кәсіптер» тақырыбында кәсіпорын базаларында экскурсияда болды.



## «ГЕРИАТРИЯДАҒЫ МЕЙІРГЕРЛІК ІС» ТАҚЫРЫБЫНДА ВЕБИНАР

31.10.2017 жылы Түркістан медициналық колледжі «Гериятрия мен палиативті көмек бойынша оқыту орталығының» жұмысын жариялау мақсатында «Гериятриядағы мейіргерлік іс» тақырыбында вебинар өткізді. Вебинарға колледжіміздің клиникалық пәндер оқытушылары қатысып, тәжірибе алмасты.

